

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.06.29 16:20

Регистрационный номер

15703

Дата обновления паспорта ОП:

2022.06.29 16:20

Код и наименование специальности:

04210100 Құқықтану

Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S04210101 Заңгер

Регион:

Батыс Қазақстан облысы

Организация ТИППО (Разработчик):

« Жоғары инженерлік-технологиялық колледжі» МEBBM

Партнеры-разработчики:

Батыс Қазақстан облыстық соты, Орал қ.

Цель ОП:

Қоғамдық өмірдің түрлі салаларында құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін, заң қызметін ұйымдастыратын мамандарды даярлау

Уровень по НРК:

4

Уровень по ОРК:

4

Профессиональный стандарт (при наличии):

жоқ

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

жоқ

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

180

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-

методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

29.03.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№KZ56LAA00017526

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№028

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

01.07.2019 ж.

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 1. Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	8/192
	ЖБП 2. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән «Компьютерлік жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Қосымшаларды құру» сияқты бөлімдерді зерттейді.</p>	
<p>ЖБП 3. Орыс тілі мен әдебиеті</p>	<p>Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права</p>	<p>4/96</p>

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	человека», «Современное общество: миграция».	
ЖБП 4. Қазақ тілі	<p>Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Орфография. Тіл және алаш идеясы», «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет», «Фонетика: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өнер», «Әдеби норма. Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі», «Сөз мәдениеті. Білім. Ғылым. Инновация», «Сөзжасам. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік», «Синтаксис. Сәулет өнері», «Пунктуация. Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер», «Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер. Орфография. Ғылыми стиль», «Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер. Орфография. Публицистикалық стиль», «Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер. Фонетика. Ресми іс қағаздар стилі», «Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Публицистикалық стиль», «Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Көркем әдебиет стилі», «Ұлттың</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер. Мәтін», «Табиғат және экология. Шешендік сөздер. Мәтін», «Жаңа әлемдегі театр мен кинематография. Шешендік сөздер. Пунктуация», «Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер. Пунктуация. Сөйлеу мәнерлілігі»	
ЖБП 5. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Прозадағы көркем ой», «Аңызбен өрілген көркем сөз», «Заман, дәуір тұлғасы», «Тарихтың шертіп пернесін», «Пайым мен парасат», «Ғасырлық туынды», «Әдебиеттегі сан сарын»	3/72
ЖБП 6. Шет тілі	Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», « Controversial Issues », «Virtual	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	reality», « Out of this World», «Stress and Fear», « Imagination and Creativity», « Reading for Pleasure», « Independent Project », « Making contact», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», « Interviews and instructions», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», « Social change and further study», « Making statements and providing information», « Clothes journeys».	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «. Білім мен ғылымның дамуы».	4/96
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».	
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	5/120
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	
ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын бақылау, талдау және бекіту қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Молекулалық физика», «Электр және магнетизм», «Тербелістер», «Толқындар», «Оптика», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	6/144
ЖБП 12. Химия	Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық.Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».	6/144
ЖБП 13. Дүниежүзі тарихы	Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғыну арқылы	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».</p>	
ЖБП 14. Биология	<p>Ұйымның әртүрлі деңгейлеріндегі өмірдің мәнін, дамуын және көріністерін түсінуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Молекулярлық биология және биохимия», «Жасушалық биология», «Қоректену», «Заттардың тасымалдануы», «Тынысалу», «Бөліп шығару», «Жасушалық цикл Көбею», «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары», «Эволюциялық даму Селекция негіздері. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі», «Координация және реттеу», «Қозғалыс», «Биомедицина және биоинформатика», «Биотехнология», «Биосфера, экожүйе, популяция», «Экология және адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері».</p>	3/72
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	7/168
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	4/96
БМ 2. Экономиканың базалық білімін және	ОН 2.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді	2/48

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	кәсіпкерлік негіздерін қолдану	меңгеру.	
		ОН 2.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	2/48
		ОН 2.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	2/48
		ОН 2.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	2/48
		ОН 2.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау	2/48
	БМ 3. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 3.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	2/48
		ОН 3.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	2/48
		ОН 3.3. Әлеуметтану және саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	2/48
	КМ 1. Кәсіби қызметте құқықтық ұғымдар мен санаттардың дәл сөз сөйлемшелерін пайдалану	ОН 2.1. Қазақстанда мемлекеттік құрылымдар мен құқықтық жүйелерді қалыптастыру .	2/48
		ОН 1.1. Конституциялық құқық институттарын құқықтық норма жүйесі ретінде меңгеру .	2/48
		ОН 1.2. Құқықтың қайнар көздерін, олардың міндеттерін анықтау .	3/72
		ОН 1.3. Бухгалтерлік есеп тұжырымдамаларын анықтау .	2/48
	КМ 2. Іс жүргізу	ОН 2.1. Сот жүйесі құрамының	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
стандарттары мен заманауи ақпаратыық технологияларды меңгеру	ерекшеліктерін түсіндіру.	
	ОН 2.2. Құқық қорғау органдарының құқықтық негіздері, атқаратын қызметтері жөнінде ақпаратпен қамтамасыз ету.	4/96
	ОН 2.3. Нотариалдық құжаттарды құрастыру әдістерін меңгеру.	3/72
	ОН 2.4. Нормативтік-құқықтық актілерді қолдану. Қойылатын талаптарға сәйкес есептік құжаттаманы ресімдеу.	6/144
	ОН 2.5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	3/72
	ОН 2.6. Коммуникация дағдыларын, тұлғааралық коммуникация тәсілдерін меңгеру .	2/48
	ОН 2.7. Кеңестер беру мен заңды іс бойынша кәсіби шешім қабылдау .	4/96
КМ 3. Материалдық құқық нормаларын талдау және кәсіби қызметте қолдану	ОН 3.1. Азаматтық құқықпен реттелетін қатынастар туралы түсінік қалыптастыру.	3/72
	ОН 3.2. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылының құқықтық негіздерін меңгеру.	3/72
	ОН 3.3. Құжаттарды ресімдеуге көмек көрсету.	2/48
	ОН 3.4. Еңбекті ұйымдастыру саласындағы қатынастарды реттеу, әлеуметтік құқықтарын қорғауды жүзеге асыру.	4/96
	ОН 3.5. Еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтау.	2/48
	ОН 3.6. Істерді соттарды қараудың және шешудің тәртібін анықтау.	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
КМ 4. Материалдық құқық нормаларын қолдану процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу және іске асыру	ОН 4.1. Келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіру	2/48
	ОН 4.2. Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздерін анықтау.	2/48
	ОН 4.3. Экологиялық мәселелерді шешудің құқықтық жолдарын ұсыну.	2/48
	ОН 4.4. Мемлекеттік басқаруды реттейтін заң нормаларын сипаттау.	2/48
	ОН 4.5. Қаржы және салықтық құқықтық нормаларымен реттелетін қатынастарды анықтау.	2/48
	ОН 4.6. Банктік құқықтық қатынастарды анықтау, банктік қызметтегі қолданыс заңдарын меңгеру .	2/48
	ОН 4.7. Қылмыстық құқықтың мазмұны мен құрылымын анықтау.	2/48
	ОН 4.8. Азаматтық процестік құқықтық нормаларды дұрыс түсінуді және қолдануды үйрену.	2/48
	ОН 4.9. ҚР-ның Қылмыстық процестік кодексіне сәйкес сот талқылауының негіздерін меңгеру.	2/48
	ОН 4.10. Іс жүргізуді ұйымдастыруды басқару және құжат айналымын қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптарын меңгеру.	2/48
	ОН 4.11. Құқықтық құжаттар мен білікті заң қорытындыларын жасақтау.	9/216
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	12/288